

Түрік Республикасының делегациясы мүшелерінің қонақ үйде тұруына қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 21 тамыздағы N 233-ө
Өкімі

2006 жылғы 23-25 тамызда Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының 4-отырысының өткізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне Түрік Республикасының делегациясы мүшелерінің (1-17 форматы) Астана қаласында қонақ үйде тұруына ақы төлеу үшін 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1527660 (бір миллион бес жүз жиырма жеті мың алты жүз алпыс) теңге бөлсін.

Премьер-Министр